

Мәдениет

№3 (151) Наурыз 2019 жыл



Әсем әндерімен ЖҮРЕКТЕРДІ ЖАУЛАҒАН

немесе табиғи дарын иесі Балмекен
Шәкібаева туралы мөлтек сыр

Осынау дарынды қазақ қызын Қостанай шаһарында тұратын Жаңагүл есімді қарындасымның бір салтанатты кешінде көрдім. Қолындағы ұлтымыздың қасиетті аспабы домбыра мен қоңыр әсем дауысы қуанышқа ортақтаса келген ағайындардың жүректерін бірден жаулап алды.

Оның орындау шеберлігіне тәнті болған жиналған қауым:
«Бәрекелді, көркіңе әнің сай екен. Бақытты бол, айналайын! Сені тәрбиелеп өсірген ата-анаңа мың алғыс» десіп жатты.

АЛҒАШҚЫ ТӘЛІМГЕРІ – ӘКЕСІ АХМЕТ

Несін айтасың, осы жиында Балмекен бірнеше әндерді көпшіліктің қолқалауымен нәшіне келтіріп шырқады. Сонда байқағаным, оның даусында көп өнерпаздарда кездесе бермейтін ерекшелік бар. Қайсы туындыны болсын иін қандырып, тұла бойыңды терең тебіреніске түсіреді. Қиялдарыңды қияндарға шарықтатады.

Жуырда оған арнайы жолығып, көкейде жүрген сауалдарыма нақты жауап алдым. Өзі қандай ажарлы болса, жандүниесі де сұлу екен. Әңгімеміз жарасып, өзінің өткен өмір жолдарына қысқаша саяхат жасады.

Өнерлі бауырымның айтуына қарағанда, ол өңірдегі На-

уырзым ауданының Саршығанақ ауылында туып өсті. Өзі ән мен күй десе ішкен асын жерге қоятын шаңырақта тәрбиеленді. Кіштайынан теледидар мен радиодан елімізге даңқы шыққан әнші ағалары мен апаларының концерттері берілгенде соларға еліктеп: «Есейгенде мен де әнші боламын» деп армандайтын.

Кейіпкерімнің өнерге келуіне әкесі Ахметтің де руханиятты жоғары қоятын қасиеті игі әсер етті. Тұлымшағы желбіреген сүйкімді қыз шаңырақ иесі қазақтың құлақтан кіріп, бойды алар мағыналы шығармаларын әуелете орындағанда ұзақты күнге тыңдап отыруға дайын-ды.

Қайран әке, қылықты да зерек перзентінің бойындағы айрықша қырларын дер кезінде көре білді. Сондықтан оның әншілік өнерін

шыңдауына көп көңіл бөлді. Тойшыл қазақ емеспіз бе. Елді-мекендегі түрлі басқосуларда «Ахметтің қызы ән салсын» дейтін.

Жақсы сөз жарым ырыс демей ме, сол әке-шешесімен сыйласатын кісілердің жылы лебіздеріне кәдімгідей қанаттанып, әрі төбесі көкке жеткендей күй кешетін. Міне, осылай жастайынан әншілікке бейімделген ол кейін үлкен сахналарға шыға бастады.

Сөйтіп, өзінің қалай халық құрметіне бөленген өнерпаз атанғанын білмей де қалды. Тек ұққаны, әншілік оңай емес екендігіне көзі жетті. Жұртшылық алдында орындайтын туындылардың мәтініне, әуезіне назар аударды. Соған үйлесетін сахнада киетін киімдеріне шейін мән берді.

СҰЛУ ӘН-ЖАН АЗЫҒЫ

Науырзым – табиғаты алыстан көз тартатын шырайлы жерлеріміздің бірі. Осы өңірде мемлекеттік қорық та бар. Оған алыс-жақын елдерден қаншама туристер мен демалушылар да келіп, таң қалысып жата-



лы, «Жігіттерге өсиет», «Қазақ осы», «Не жақсы» сияқты термелерге бауырларымыз айрықша ықылас танытады.

Балмекен жұртшылықтың қандай мағыналы шығармалардан рухани ләззат алатынын жақсы біледі. Сондықтан үнемі кейінгі өскелең ұрпаққа мәнді туындыларды тынымсыз іздейді. Ауылға шыққан кезде аға буын өкілдерінің талғампаздығына тәнті болады. Тың әрі құнды сөз естісе, соны жазып алады немесе жадында сақтайды.

Ол қазіргі таңда өзі секілді халық алдында жүрген әріптестері әмбебап болуға тиіс деп есептейді. Сондықтан жоғарыда аталған дәстүрлі әндер, термелермен қатар көпшілік сүйіп тыңдайтын әрі көңіл күйлеріне әсер ететін эстрадалық әндерді де ерекше шабытпен орындайды.

Балмекеннің шырқауындағы «Ақжайнақ», «Есіңе мені алғайсың», «Елге тілек», «Менің Астанам», «Желсіз түнде жарық ай», «Бауырларым», «Арыс жағасында», «Тәуелсіздік таңы», «Туған жер», «Ауылым», «Елім-ай», «Алтыным», «Беу айдай», «Сары бидай», «Тобылғы сай», «Дүние ай», «Сарыжайлау», «Ата толғау», «Той базар», Ана мен Әке туралы әндер әрқашан да көпшілік тарапынан жоғары бағасын алып жүр.

Әрбір туындының өз тыңдарманы бар. Қазір халықтың талғамы өте жоғары. Оны жеңіл, мәнсіз әрі мағынасыз шығармалармен алдарқата алмайсың. Сонан соң өзі көзбояушылықты, жасандылықты жаны сүймейді. Кейбір әншілердей фонограммамен емес, жанды дауыспен орындағанды ұнатады.

ды. Мұндай көкорай шалғынды аймақта дүниеге келген ұл мен қыздардың әнші, күйші, сазгер, ақын-жазушы болмауы да мүмкін емес.

Қазақ халқының мақтанышына айналған Қайрат Нұрғазин өзіміз әңгіме арқауына айналдырған ауданның тумасы еді. Ол да кезінде «Арман жырым-аруларым» секілді қаншама сезімді қозғамай қоймайтын туындыларды жазған ініміз болатын. Бұл бауырымыз жөнінде де сонау бір жылдары республикалық «Жас Алаш» газетіне танымдық мақалам жарық көрді.

Балмекен да осында қанаты қатайып, өзіне қолдау көрсеткен ағайынның сенімін ақтау үшін

руханият саласында аз тер төккен жоқ. Ол ән әлеміндегі ерекше қолтаңбасы бар әпкелерінің жолын қуып, аудан өміріндегі айтулы мерекелік шаралардың басы қасында жүрді.

Қазір оның репертуары да бай. Әсіресе, дәстүрлі әндерді шырқауға жаны құштар. Өнерпаздың орындауындағы халық әндері өз тыңдаушыларын тапқан. Қарындасымыздың сахнада өзін өзі ұстауы, домбыра қағысы, сөйлеу мәнері мен мәдениеті қандай әсерлі десеңізші.

Термені тыңдамайтын, одан өсиет алмайтын, ғибраттық ойларды бойына сіңірмейтін қандастарымыз бар ма? Мыса-

Өткен жылдар ішінде дайын дауыспен айту яғни фонограммаға әбден сүйену шығармашылық адамын кәсіби тұрғыдан өсірмейтіндігіне көзі әбден жетті. Сондықтан кәдімгі қазақтың қара домбырасы оның жан серігіне айналған. Сол себептен де жерлестері де оның табиғи дарынын мойындайды.

ЕҢ БАСТЫ МАРАПАТ – ХАЛЫҚ АЛҒЫСЫ

Өзі жайлы сыр шерткелі отырған Балмекен Шәкібаева бұл күндері сол өзі ғұмыр кешіп жатқан Науырзым аудандық кітапханада кітапханашы болып қызмет атқарады. Осы мамандықтың қыр-сырын жете меңгерумен бірге аудан жастарын көркем әдебиетті оқуға үндеп, ата-бабамыздан келе жатқан шешендік өнерді меңгеруге де ұйытқы болып жатқанын айтып өткеніміз лазым.

Алайда, өзі сонау балалық балауса шақтан іңкәр болған, қазіргі таңда өмірінің мәні мен сәніне айналған әншілік өнерін үнемі ұштап келеді. Оған аудандық мәдениет үйінде қосымша әнші болып, кейінгі ізін басқан сіңілілеріне өнеге танытуы да белгілі дәрежеде игі ықпалын тигізіп жатқандығы сөзсіз.

Аудан өміріндегі түрлі концерттік бағдарламаларға да белсене атсалысады. Еліміздегі пандемияға қарамастан қаншама мекемелер мен ұйымдардан шақыру алып, Тәуелсіздік Қазақстанның 30 жылдығына арналған кештердің жоғары деңгейде өтуіне үлесін қосқандығын жерлестері ұмыта қойған жоқ.

Өнерді пір тұтатын заманда-

сымыз ардақты ана. Сүйікті қызы Эльмира оның сенімін ақтады. Бұл күндері Қостанайдағы іргелі оқу орындарының қатарындағы яғни педагогикалық колледждің 3 курс студенті. Болашақ ұстаз. Қазірдің өзінде осы мамандыққа деген қарым-қабілетін көрсетті.

Осы мақаланы жазу барысында онымен араласып, құраласып, өмірдегі және өнердегі қуаныштарына ортақтасып келе жатқан құрбыларына жолығып, жылы лебіздерін қойын дәптерімізге жазып алған едік. Соның бірі-облыс орталығындағы №11 орта мектептің кітапханашысы Жаңагүл Тайшыбекова былай деп сыр шертеді:

– Ол Балмекен десең Балмекен. Атына заты сай ару. Жүрген ортасының гүлі, досқа адал, көңілі кең жазира даладай дарқан. Сондықтан да болса керек, араласатын зиялы кісілері де жетерлік. Мен де онымен шаһарымыздағы маңызды кездесуде танысып, қимас адамыма айналып кетті.

Адамды жақындастыратын қасиет-ол өмірге деген көзқарастың ортақтығы. Жан дүниенің рухани үндестігі. Оның әншілік қабілеті өз алдына бөлек әңіме. Сөз саптауынан әрдайым отбасында тағылымды тәрбие алғандығы көзге ұрып тұрады.

Өте ізденімпаз. Әрбір кездескен сайын репертуарын жаңа да тың шығармалармен толықтырып жатқанын сеземін. Лирикалық әндері кімге болсын ұнайды. Жүрек қылын шертеді.

Ол Қостанаймен іргелес жатқан Челябині қаласындағы мемлекеттік мәдениет институтының түлегі. Шығармашылықтағы табыстары үшін алған марапаттары да аз емес.

Бұған бірқатар өнер жарыстарында жеңімпаз және жүлдегер атанғаны айқын дәлел. Басқаларын айтпағанның өзінде «Қанатты әйел-2012» байқауында ерекше көзге түсті. Сондай-ақ «Мен қазақпын» дәстүрлі әншілер, термешілер мен күйшілердің республикалық телевизиялық мега жобасында ұлт өнерін насихаттауға белсене қатысты.

Сонымен қатар «Бабадан қалған қазынам» атты аймақтық фестивальда да көмейіне ән ұялаған бауырымыз жақсы қырынан көрінді. Бұдан басқа да қаншама тағылымды және мерейлі мемлекеттік бағдарламаларда әншілік қабілетімен жерлестерінің алғысына бөленді.

Онымен арадағы сұхбаттан түйгенім, өзі бойжетіп, руханият саласына бейімделуіне мүмкіндік туғызған шаңырақта тоғыз бала жастайынан еліне адал еңбек етуге баулынды. Солардың ішінде Балмекен ғана өнер жолына түсті. Қалған бауырлары түрлі мамандықты таңдады.

Текөкініштісі, кезінде мәдениет саласына баулыған ардақты әкесі Ахмет бұл үйдегі алтыншы перзентінің қазіргі шақтағы әншілік өнердегі жетістіктері мен қуанышына ортақтаса алмады. Оның дүниеден өткеніне де біраз жылдың жүзі болып қалды.

-Арман таусылмайды екен. Өз басым алдағы уақытта да репертуарымды мағыналы да мәнді әндермен барынша толықтырып, тыңдармандарымды қуанышқа кенелте берсем деймін. Осы мақсат жолында аянбай тер төгемін,- дейді Балмекен Шәкібаева.

Оразалы ЖАҚСАНОВ